

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№26				
<i>Күндері</i>	28.02 - 04.03.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Жылғалардан су ақты / Бегут талые воды / Spring				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Далабаева М.Қ.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауларын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. - Туды көктем! Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктем, Сең бұзылды, су ақты. Ш. Мәмбетов	Ойын-имитация. "Әлди, әлди!" Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар. Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады. - Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламышы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. С. Әлімқұлов	"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. (орыс тілінен аударма) Мақсаты. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолдарын жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркем сөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу. - Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Мақсаты. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады. - Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау) Ағызып мың бұлақты. Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстелдің бетін, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова	"Торғай мен автомобильдер" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларға сигнал бойынша қолдарындағы ойыншық құстарды (немесе қағаздан қиылған кесіндерді) жан-жаққа "ұшыра" білуде дағдыландыру; ойын сюжетіне ілесуге ынталандыру; зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: машинаның келуін сигнал ретінде қабылдап, ойындағы қимылдарды өзгерту. Педагог балаларға қатпа қағазға басылған торғайлардың кескіндерін немесе ойыншықтарын үлестіреді. - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Балалар құстарды қолдарына алып, үстел үстінде, ауада "ұшырып" ойнайды. Педагог балаларға "шиық-шиық" еліктеуіш сөздерін айтқыза алады. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын үстел үстінде көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап отырады. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға қонып отырыңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог ойыншық машинаны қолға алып, үстелмен, құстарға қарай жылжытады. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: Ұш! Ұш! Ойын екі рет ойнатылады. Ойын бірнеше рет ойнатылады.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз алай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ...				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Көктем келді! Көктем келді! Қуанады балақай. Барлығымыз топпен бірге: - Тамаша! - дейміз. - Алақай!				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Бұлақтар". Мақсаты. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректەرге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеліп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру. <i>"Бұлаққа түсіп кетпе" қимыл жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Бұлақ көрсең, көзін аш". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу техникасының тәсілдерін меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу тәсілдерін жете меңгере білу қасиеттерін қалыптастыру. <i>"Аю" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Қоянның үйшігі". Мақсаты. Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. <i>"Ағаш үйді жөндейік" шығармашылық рефлексиясы.</i> Музыка. "Таза бұлақ". Мақсаты. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу. <i>"Көңілді текше" музыкалық - дидактикалық ойыны.</i>	Құрастыру. "Қонжыққа төсек". Мақсаты. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Қонжықты төсекке жатқызып, ұйықтатайық".</i> Дене шынықтыру. "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру. <i>"Қонжық" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Бұлақ". Мақсаты. Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. <i>"Қар сулары ағып жатыр" шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Бал бұлақ". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. <i>"Аю" қимыл ойыны.</i>	Музыка. "Бұлақ сылдыры". Мақсаты. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару. <i>"Сиқырлы қалпақ" музыкалық - дидактикалық ойыны.</i>

Серуен	Көктемгі ауа райын бақылау. Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, қараңдаршы! - Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды. - Адамдар жылы киімдерін тастады. - Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап. - Көктем, көктем, Құстар көкке. Ұшты жан-жаққа Қонды бұтаққа. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Жылғалардан аққан суды бақылау. Мақсаты. Балалардың назарын жылғалардан аққан суларға аудару; еріген қардың суларға (шалшықтарға, өзендей ағымдарға) айланатынын байқату; көктемгі құбылыстың, күн жылынып, қардың ерігені туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; білімділікке, зеректікке тәрбиелеу. - Тулай бер, өзен! Шулай бер, өзен! Күшiңді жазға Сыйлай бер өзен! Сыйлай бер, өзен! Ж. Кербозин Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар! - Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетiңдершi. - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпандандар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Содан соң соңғы сөздерде бір жерге жиналады. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу.	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". "Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. - Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі ұйықтап жатыр екен. - Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы. - Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмаңдар, қашуға тура келеді. - Аю, тұр, ояншы! Қандай ұйқыжансың! Аспанға қарайық, Құстарды тыңдайық. Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсаты. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
--------	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды құстардың дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна, торғайдың дыбыстарын тыңдатады, еліктеуге шақырады. Балалар бірден айтпай жатса, үлгіні көрсетеді. Аудиожазбаны тыңдап болғаннан кейін балалар тырналарға "у-у-у", торғайларға "шиық-шиық" деп еліктейді.	"Табақшаларды жинайық" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды табақшалардың көлемдері мен түстеріне сүйеніп, кезегімен бір-бірінің үстіне салып, жинақтауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті және көлемді қабылдау қабілеттерін дамыту; жасалған жұмысына қарап жағымды әсер алуға баулу. Құралдар: түрлі-түсті және көлемі үш түрлі табақшалардың (қатпа қағаздан қиылған дөңгелек кескіндерінің) жинақтамалары. Балалар ыдыстарды сөрелерін жинағанда түстері бірдей, үлкен, орташа, кішігірім табақшаларды жинайды.	"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз). Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін педагог үшбұрыштардың жұмыстарымен салыстырады.	Имитация ойыны. "Қонжықтар". Мақсаты. Балаларға қонжықтардың қимылдау ерекшелігін байқату, қонжықтардың қимылдарына еліктеп, тақпақты орындауға ынталандыру; жағымды әсерлерге бөленуге баулу. "Қонжықтар". Қайдан у-шу естіледі? Пойыз бөлкім келеді? Балалар ма шулаған? Қонақтар ма әлде келген? Жоқ, мүлдем олай емес, Бұл қонжықтар алысқан, Ойнап, шашып, таласқан. Домалайды, жылайды, Сөз тыңдамай құлайды. Д. Ахметова	"Киюді үйрену" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды, бас кейіпкерлердің қимылдарын байқап, киіну тәртібіне баулу әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешуге үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Ж. Кербозин Тулай бер, өзен! Шулай бер, өзен! Күшінді жазға Сыйлай бер өзен! Сыйлай бер, өзен!	Ақша бұлттар. Ә. Жәмішев Қараңдар көне төбеге, Қараңдар ақша бұлттарға. Айдында жүрген кеме ме, Ақ желкен тартып шыққан ба?!	"Мөлдір су". (Орыс тілінен аударма) - Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Тандыр нан". Мақсаты. Ермексаздан кесекті шарға илеу, жалпақтап, қысу амалдарын игерту.	"Қазым, қазым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Көмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Көмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин"
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".				

Тексерген:БекишеваМ.А.

